

Педагог лауазымына қабылдау бойынша Конкурстық комиссия отырысының
№ 3 ХАТТАМАСЫ

02.02.2024ж

Қатысқандар:

Комиссия төрайымы -Ж.Т.Кульмаганбетова – директордың оқу-әдістемелік жөніндегі орынбасары

Комиссия хатшысы - Л.Т.Тайшыкарина – оқу бөлімінің хатшысы

Комиссия мүшелері:

Ш.У.Дастурбаев – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары;

Б.Н.Есмаганбетова –директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;

Г.Н.Жумагалиева – информатика пәнінің мұғалімі;

М.А.Садуакасова – кадрлар мәсілісі бойынша инспектор

Отырыстың күн тәртібі:

1. Педагог-психолог уақытша бос лауазымына орналасуға үміткерлердің конкурстық құжаттарын қарау.

2. Апталық жүктемесі 20 сағатты құрайтын математика пәнінің мұғалімі уақытша бос лауазымына орналасуға үміткерлердің конкурстық құжаттарын қарау.

3. Жатақхана меңгерушісі уақытша бос лауазымына орналасуға үміткерлердің конкурстық құжаттарын қарау.

Бірінші сұрақ бойынша Конкурстың комиссияның хатшысы Л.Т.Тайшыкарианы тыңдады, оған 2 кандидат Төлеген Арайлым Амантайқызы және Койшыбек Максат Саматулының пелагог-психологтың уақытша бос лауазымына орналасу үшін өтініш бергенін, және де Төлеген Арайлым Амантайқызының конкурсқа қатыспайтындығы жөнінде хабарлағанын атап өтті.

Койшыбек Максат Саматулы

Білімі - жоғары

Бағдарлама – Әлеуметтік жұмыс

Педагогикалық өтіл – 3 жыл

Санаты - педагог

Хатшы Комиссия мүшелеріне кандидаттың біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы құжаттарын қарауды, содан кейін кандидаттың бағалау парағында көрсеткен ұпайларын есептеуді ұсынды. Комиссия мүшелері үміткердің біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы құжаттарын қарады. Комиссияның мүшелері кандидаттың дипломы бойынша мамандығының «Педагог лауазымының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 Бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 14 сәуірдегі № 100 Бұйрығының 74-тармағына сәйкес келмейтіндігін алға тартты.

Шешімі:

Койшыбек Максат Саматулының біліктілігі талаптарға сай емес деп есептелсін.

Екінші сұрақ бойынша Конкурстық комиссияның хатшысы Л.Т.Тайшыкарина уақытша бос лауазымдарға орналасуға өтініш ешкім бермегенін және математика пәнінің мұғалімі лауазымы босамайтынын хабарлады.

Шешімі:


Конкурс жарияланымнан алынсын.

Үшінші сұрақ бойынша жатақхана меңгерушісі уақытша бос лауазымдарға орналасуға өтініш ешкім бермегенін және жатақхана меңгерушісі лауазымы босамайтынын хабарлады.

Шешімі:

Конкурс жарияланымнан алынсын.

Конкурстық комиссияның төрайымы:

 Ж.Т.Кульмаганбетова

Комиссия мүшелері:

 Ш.У.Дастурбаев

 Б.Н.Есмаганбетова

 Г.Н.Жумагалиева

 М.А.Садуакасова

Конкурстық комиссияның хатшысы:

 Л.Т.Тайшыкарина